



**«Несіп» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 оқу жылы қазақ
тілінің перспективалық жоспары
ЕРЕСЕКТЕР "Солнышко"; "Умняшки" ТОБЫ**

Қазақ тілі пән мұғалімі: Нетбаева Г.

2025-2026 оқу жылы

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Солнышко», «Умняшки»

Мерзімі: 02.09-03.10.2025

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Қыркүйек

Өтпелі тақырып: Балабақша

Мақсаты: Балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.

I апта	II апта	III апта	IV апта
Мен және менің балабақшам.Ойыншықтар Балаларға "Сәлем-сөздің анасы" сөзі туралы мағлұмат беріп, бір-бірімен сәлемдесуді үйрету. Тіл үйренуге деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Достыққа тәрбиелеу. Өткен жылғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздерді үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру.	Менің жанұям мен туыстарым. Балаларға отбасы мүшелері туралы түсінік беру;туыстық жақындықты білдіреті "әпке "; "аға"сөздері,отбасы ,туыстық қатынас туралы түсініктерін;дене мүшелері жайлы білімдерін кеңейту.Балаларға сөзді тыңдауды,түсінуді,отбасы мүшелері мен туыстық атауларды білдіретін барлық сөздерді дұрыс дыбыстауды,мнемокесте бойынша сөз тіркестерін құрастыруды үйрету.	Уақыт.Тәулік бөліктері.Күн тәртібі. Балалардың ұғымындағы тәулік бөліктері туралы білімдерін, уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру, күн тәртібін құру қағидасын түсіндіру; «ереже», «күн тәртібі» туралы түсініктерін дамытуға ықпал ету.	Қазақстан-менің Отаным.Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; Отан, туған жер туралы түсініктерін дамыту; Қазақстан туралы өлеңмен таныстыру; кіші отан, туған өлке туралы түсініктерінің қалыптасуына ықпал ету.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Солнышко», «Умняшки»

Мерзімі: 06.10-31.10.2025

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Қазан

Өтпелі тақырып: Күз сыйы

Мақсаты: Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз – астық өнімін жинау мезгілі.

I апта	II апта	III апта	IV апта	V апта
Күз мезгілі.Алтын күз. Балалардың ұғымындағы күз мезгілі жайлы түсініктерін дамыту; алтын күз ұғымының мағынасын түсіндіру. «Кім? Не?» сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, «Не істейді?» сұрақтарына жауап беретін етістіктер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру, күз мезгіліндегі табиғи құбылыстар туралы білімдерін кеңейту.	Көкіністер мен жемістерді жинаймыз.Геометриялық пішіндер. Балалардың ұғымында күзгі астық, қысқа дайындық туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністердің ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау; геометриялық пішіндер мен олардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту	" Сиқырлы бауырсақтар ".Ыдыстар. Балаларды «Сиқырлы бауырсақтар» әңгімесі, бауырсақтың дайындалу реттілігімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жаңа түрлері мен оларды қолдану туралы түсіндіру; халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстыруды жалғастыру.	Үй құстары.Жыл құстары. Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды үйрету.	Не қалай дыбыстайды?Үй жануарлары мен төлдері.Ақырын-қатты. Балалардың ұғымындағы үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарлары төлдерінің атауларымен таныстыру; «қатты - ақырын» қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру; жыл мезгілдері туралы

				білімдерін пысықтау.
--	--	--	--	----------------------

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

Тобы: «Солнышко», «Умняшки»

Мерзімі: 03.11-28.11.2025

Білім беру саласы: Қатынас

Айы: Қараша

Өтпелі тақырып: Бізді қоршаған әлем

Мақсаты: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

I апта	II апта	III апта	IV апта
--------	---------	----------	---------

Көліктер.Қала мен ауыл.Көп-аз. Балалардың ұғымындағы көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; «қала» мен «ауыл», сондай-ақ, «аз» және «көп» мөлшерлік ұғымдарын, «тез - баяу» әрекет белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық түсініктерін дамыту.	Жабайы аңдар және балалары.Жылдам-баяу. Балалардың ұғымындағы жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту; жабайы аңдардың балаларының (төлдерінің) атауларымен таныстыру; «жылдам - баяу» қимыл-әрекеті жайлы түсініктерін қалыптастыру; ормандағы жабайы аңдардың тіршілігі жайлы туралы бекіту.	«Үш аю» ертегісін оқу.Үлкен,орташа,кішкентай. «Үш аю» ертегісінің сюжетін еске түсіру; заттың көлемінің үш мөлшері туралы түсініктерін бекіту (үлкен, орташа, кішкентай); адамдардың қонаққа бару әдебі, мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту.	Қысмезгілі.Қысқы табиғат құбылыстары. Балалардың ұғымындағы қыс мезгілі жайлы түсініктерін кеңейту; қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары олардың ерекшеліктері жайлы білімдерін дамыту.
--	---	--	---

